# Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 247 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 23 маусымда № 39043 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Тізбенің 1, 2, 3 және 4-тармақтарының екінші, төртінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* *А. Сапаров*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 22 маусымдағы
№ 247 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және-жол құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына

және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйе – "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде машиналар және оларды иеленушілер туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялардың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;";

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесі (бұдан әрі – электрондық паспорттар жүйесі) – есептеуіш және коммуникациялық жабдықты, бағдарламалық қамтылымды, лингвистикалық құралдарды, цифрлық ресурстарды, жүйелік персоналды және осы жүйеде белгіленген қағидалар бойынша өзара іс-қимыл жасайтын қатысушылар мен пайдаланушыларды қамтитын, сондай-ақ осы жүйенің белгіленген функцияларын орындаудың цифрлық технологиясын іске асыратын құрылымдалған кешен;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) машиналарды мемлекеттік тіркеу – құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексергеннен кейін машиналарды тіркеу жөніндегі тіркеу пункттері жүзеге асыратын цифрлық жүйеге машина деректерін енгізу және тіркеу құжаттарын беру (бұдан әрі – машиналарды тіркеу) арқылы машиналарды мемлекеттік тіркеу және есепке алу рәсімі. Машинаны тіркеу олардың Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде пайдалануға болатынын растайды;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) машиналарды тіркеудің цифрлық тізілімі – цифрлық жүйеде көрініс тапқан машина, меншік иесі, иеленуші, мемлекеттік тіркелетін нөмірлік белгі (бұдан әрі – нөмірлік белгі), техникалық паспорт, машиналарды тіркеу есебінен шығару туралы мәліметтер жиынтығы;";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) тіркеу іс-қимылдары – тіркеу пункттерінің цифрлық жүйеге өзгерістер енгізе отырып, машиналарды тіркеуді, уақытша тіркеуді, қайта тіркеуді, есептен шығаруды жүзеге асыруға байланысты қызметі;";

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған,

электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Машиналарды тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтер жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тіркеу құжаттарын бергенге дейін цифрлық жүйеге енгізіледі, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды тіркеудің цифрлық тізілімі қалыптастырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы ( бұдан әрі – портал) арқылы цифрлық нысанда не тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне қағаз нысанда Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) инженер-инспектор тіркеу іс-қимылдарын жүргізеді және деректерді цифрлық жүйеге енгізеді және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды және қол қою үшін тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысына жолдайды;";

мынадай мазмұндағы 13-1, 13-2, 13-3 және 13-4-тармақтармен толықтырылсын:

"13-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

13-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

13-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

13-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мынадай жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі. Мемлекеттік қызметті көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушының оның заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Портал мен цифрлық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Цифрлық жүйе мен электрондық паспорттар жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тіркеу іс-қимылы және тіркеу құжатын (телнұсқасын) және машиналарға арналған нөмірлік белгіні беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) цифрлық жүйе операторын ( бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор еркін нысанда техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған тіркеу пунктіне (көрсетілетін қызметті берушіге) қол қойдырады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Министрлік және тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік

қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

16-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркеу құжаттары мен машиналардың нөмірлік белгілерінің жұмсалуы сериялар мен олардың цифрлық нөмірлерінің өсу тәртібімен цифрлық жүйеде жүргізіледі.";

17-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) беретін тіркеу құжаты инженер-инспектордың қолымен және мөрмен куәландырылады, көрсетілетін қызметті алушының тіркеу құжатын, сондай-ақ нөмірлік белгіні алғаны туралы ақпарат цифрлық жүйеге енгізіледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Машиналарды тіркеу есебінен алынған тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер жоғалған жағдайда, тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) машинаның бұрынғы тіркелген орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы мәліметтерді цифрлық жүйе арқылы алады. Ағымдағы тіркеу бойынша ұқсас мән-жайлар болған кезде меншік иесінің түсініктемесі сұратылады және тиісті жазбалар енгізілетін цифрлық жүйемен салыстырып тексеру жүргізіледі.";

31-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркеу пункті (көрсетілген қызметті беруші) тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша цифрлық жүйе арқылы машинаның бұрынғы тіркелген орны бойынша машиналардың тіркеу іс-қимылдары туралы қажетті мәліметтерді алады .

Машиналарды тіркеу орны бойынша цифрлық жүйеден мәліметтер алынғаннан кейін тіркеу іс-қимылдарын жүргізу болжанатын орын бойынша тіркеу пунктінде ( көрсетілетін қызметті берушіде) қажетті тіркеу іс-қимылдары жасалады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Машиналарды уақытша тіркеу кезінде инженер-инспектордың қолымен және мөрімен расталған машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама беріледі және ол цифрлық жүйеге енгізіледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Машиналарды қайта тіркеу кезінде инженер-инспектор тіркеу құжатына және цифрлық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу құжатындағы өзгерістер инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Машиналарды тіркеу есебінен алған кезде инженер-инспектор тіркеу құжатына және цифрлық жүйеге тиісті жазбалар енгізеді. Тіркеу есебінен алу мән-жайлары көрсетілген тіркеу құжатындағы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен куәландырылады.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Машиналарды тіркеу, тіркеуге (қайта тіркеуге) өзгерістер енгізу, тіркеуден алу, нөмірлік белгілерді, тіркеу құжаттарын беру немесе ауыстыру үшін негіз болған құжаттар цифрлық жүйеге енгізіледі және үш жыл бойы сақталады.";

47-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-1. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) мемлекеттік қызметті көрсету қорытындылары бойынша тіркеу құжатына және (немесе ) цифрлық жүйеге енгізілетін мәліметтерде жаңылыс жазылған немесе қате жіберілген жағдайда жүргізіледі.";

47-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47-3. Инженер-инспектор мұрағаттық материалдар негізінде Тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады.

Құжаттар тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қағаз түрінде берілген кезде құжаттарды қарау қорытындылары бойынша инженер-инспектор мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін – тіркеу құжатын не осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап дайындайды және оны тіркеу пунктінің (көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесіне жолдайды. Тіркеу пунктінің ( көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

Құжаттар портал арқылы электрондық түрде берілген кезде құжаттарды қарау қорытындылары бойынша инженер-инспектор көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген уақыты мен орны көрсетілген тіркеу құжатының (телнұсқаның) және (немесе) нөмірлік белгілердің дайындығы туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цифрлық жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының электрондық қолтаңбасы қойылған цифрлық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты жолдайды.

Тіркеу пункті (көрсетілетін қызметті беруші) тіркеу құжатының "ерекше белгілер" бөліміне және (немесе) цифрлық жүйеге ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы жазба енгізу арқылы жаңылыс жазылғандарды және қате жіберілгендерді түзетуді жүзеге асырады. Тіркеу құжатының "ерекше белгілер" бөлімінде және (немесе) цифрлық жүйеде ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы жазба инженер-инспектордың қолымен және мөрімен не электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.";

47-5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрық жүйеде машиналардың кепілі (немесе өзге де ауыртпалықтары) туралы мәліметтердің болуына не болмауына тексеруді жүзеге асырады;";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілген кейбір бұйрықтарының тізбесіне ( бұдан әрі –Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/268 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11708 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігін ен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кепілді цифрлық тіркеу – цифрлық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын машиналар кепілін тіркеу;";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу (тіркеуден алу), машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе телнұсқаны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) не Мемлекеттік корпорация не тіркеуші органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жүргізілген цифрлық тіркеу туралы ақпарат кепіл ұстаушының, тіркеуші органның (көрсетілетін қызметті берушінің) цифрлық жүйелерінде сақталады және құжаттамалық растауды қажет етпейді.";

мынадай мазмұндағы 11-1, 11-2, 11-3 және 11-4-тармақтармен толықтырылсын:

"11-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

11-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

11-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 11-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 11-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

11-4. Мемлекеттік қызметті көрсетуші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі. Мемлекеттік қызметті көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;2 ) көрсетілетін қызметті алушының оның заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Тіркеуші орган (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшаға осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы

машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/269 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11710 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 -бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң ) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақ:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "цифрлық үкіметтің" операторы (бұдан әрі – оператор) – Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

айқындайтын, оған бекітілген "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. электрондық цифрлық қолтаңба – цифрлық қолтаңбаның жеке кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы)." ;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу үшін иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) жергілікті атқарушы органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) кеңсесі арқылы қағаз түрінде не "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.";

12-тармақта:

бірінші, екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты инженер-инспекторы құжаттар келіп түскен күні оларды "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ) тіркейді, иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес " Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, жергілікті атқарушы органның ( көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ пайдалана отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама дайындайды және жібереді.

Иеленуші (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда және мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) инженер-инспекторы "Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ пайдалана отырып өткізу күнін, орны мен уақытын көрсете отырып, жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруді өткізуге дайын екендігі туралы хабархат дайындайды.";

мынадай мазмұндағы 12-1, 12-2, 12-3 және 12-4-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

12-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

12-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 12-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 12-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

12-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мынадай жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) басшысы " Е-лицензиялау" МДҚ ЦЖ арқылы жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізуге дайын екендігі туралы хабарламаға немесе уәжді бас тартуға қол қояды.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Заңның 5-бабы 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне келіп түседі.";

24-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда, жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші ) техникалық ақаулық анықталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторды хабардар етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/270 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11711 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидалары

(бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тіркеу іс-қимылдары – тіркеу пунктерінің цифрлық жүйеге өзгерістер енгізе отырып, машиналарды тіркеуді, уақытша тіркеуді, қайта тіркеуді, есептен шығаруды жүзеге асыруға байланысты қызметі;";

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тракторшы-машинистің куәлігін тіркеу мен берудің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешендегі салаларды басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде мәліметтердің орталықтандырылған есепке алынуын қамтамасыз ететін цифрлық технологиялардың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін " цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қағаз нысанда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.";

17-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің цифрлық сервисі бойынша оның негізінде көрсетілетін қызметті алушыны көлік құралын басқарудың арнайы құқығынан айыру туралы соттың заңды күшіне енген шешімі туралы мәліметтерді тексереді. ";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмағанда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініштегі мәліметтерді цифрлық жүйеге енгізеді, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тракторшы-машинистің куәлігін беру кітабына тіркеу жазбасын енгізеді және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін – "А", "С", "Г", "В" және "Д" санаттарындағы тракторшы-машинист куәліктерін "қаршаналарды, квадроциклдерді басқаруға рұқсат етіледі" деген жазбасы бар тракторшы-машинист куәліктерін немесе тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын немесе осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты рәсімдейді.";

мынадай мазмұндағы 17-1, 17-2, 17-3 және 17-4-тармақтармен толықтырылсын:

"17-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру мемлекеттік қызмет көрсетушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы шешімі жөнінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі мемлекеттік қызмет көрсетушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта жаңартылады.

17-2. Мемлекеттік қызмет көрсетуші мемлекеттік қызмет көрсету процесін:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған жағдайда, егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтары құқықтық мирасқорлыққа жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдарда не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

17-3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 17-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 17-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда – мемлекеттік органның ұстанымы айқындалғанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

17-4. Мемлекеттік қызмет көрсетуші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер етуі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсері деп төтенше жағдайдың енгізілуі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қаупі немесе туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Министрлік осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акті бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызмет берушіге, "цифрлық үкіметтің" операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидаларын, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 137 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32300 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған мұнай өнімдерін бөлу жөніндегі өңірлік операторларды айқындау қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) виртуалды қойма – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес тауарларды қадағалау тетігінің автоматты режимде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған электрондық шот-фактуралар цифрлық жүйесінің модулі;";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дизель отынын бөлудің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ЦЖ) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыру және бөлу процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) дизель отынын бөлудің мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер арасында дизель отынын қалыптастыру және бөлу жөніндегі деректерге бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін, Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жеке кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссия отырыстарының барысын тіркеуді қамтамасыз ететін аудио-, бейнежазба құралдарын қолдануды ЖАО-ның цифрлық технологиялар жөніндегі маманы (бұдан әрі – ЖАО-ның ЦТ жөніндегі маманы) жүзеге асырады.";

17-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) тауарларға арналған ілеспе жүкқұжатқа сәйкес дизель отынын тасымалдау үшін электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулін қолдану туралы растау.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидаларында:

2-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) дизель отынын бөлудің мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ЦЖ)-ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дизель отынының көлемін қалыптастыру және бөлу процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) дизель отынын бөлудің мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер арасында дизель отынын қалыптастыру және бөлу жөніндегі деректерге бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін, Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның жеке кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, жасалған, оның тиістілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Келесі жылға көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге дизель отыны көлемдерін қалыптастыруға өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру ағымдағы жылдың 25 қарашасынан

кешіктірілмей ЦЖ-да және тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдарының ( бұдан әрі – ЖАО) интернет-ресурсында орналастырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Келесі жылға көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отыны көлемдерін қалыптастыруға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 1-30 желтоқсаны аралығында ЦЖ-да жүзеге асырылады.";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отыны көлемдерін қалыптастыру ЦЖ-да автоматты түрде жүзеге асырылады.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дизель отыны көлемдерін алуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) ЦЖ-да ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында қалыптастырады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің деректері, сондай-ақ тиісті алаңдағы жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында (оның ішінде ауылшаркооперативінің не шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы ЦЖ-ның "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен және "Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры" цифрлық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде автоматты түрде расталады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Дизель отыны көлемін есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өтінімде егіс алқабының кадастрлық нөмірін және жер учаскесінің алаңын, сондай-ақ егілетін/жиналатын ауыл шаруашылығы дақылының түрін немесе агротехникалық жұмыс түрін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отынының көлемін есептеу ЦЖ-да 1 гектарға дизель отыны шығысының нормативін ескере отырып автоматты түрде жүргізіледі.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған дизель отыны шығысының базалық нормативтерін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Ауыл шаруашылығы министрлігі) өңірлердің топырақтық-климаттық жағдайларын ескере отырып әзірленген аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде айқындайды және олар ЦЖ-да орналастырылады.";

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарма өтінім ЦЖ-да қалыптастырылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімге бірегей код бере отырып, дизель отынының алдын ала көлемін бекіту туралы

не дизель отынының алдын ала көлемін бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге хабарлама жібереді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін дизель отыны көлемдерін есептеу негізінде ЦЖ-да алдын ала дизель отыны көлемдері көрсетілген аудандар мен облыстар бөлінісінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің жиынтық тізбесі ( бұдан әрі – жиынтық тізбе) қалыптастырылады. Жиынтық тізбе веб-порталда көрсетіледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Басқарма жиынтық тізбе ЦЖ-да қалыптастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс бойынша дизель отыны көлемдеріне қажеттілік және оларды бөлу тізілімін (бұдан әрі – облыс бойынша тізілім) жасайды және оны ЦЖ арқылы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ауыл шаруашылығы министрлігі облыс бойынша тізілім келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республика бойынша дизель отыны көлемдеріне қажеттілік және оларды бөлу тізілімін (бұдан әрі – республика бойынша тізілім) жасайды және оны ЦЖ арқылы мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – Энергетика министрлігі) жібереді.";

16-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге жеткізу үшін қажетті көлемде дизель отыны болмаған жағдайда, әрбір ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін дизель отыны көлемдері сұратылған көлемдерге пропорционалды түрде азайтылып, ЦЖ арқылы бөлінеді.";

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"17. ЖАО ЦЖ-да дизель отынын босату жүзеге асырылатын операторлардың және олардың мұнай өнімдерін сақтау сыйымдылықтарының (мұнай базаларының) тізбесін орналастырған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіден дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінім болмаған жағдайда, бөлінген дизель отыны көлемдері жойылады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. ЖАО ЦЖ-да дизель отынын босату жүзеге асырылатын операторлардың және олардың мұнай өнімдерін сақтау сыйымдылықтарының (мұнай базаларының) тізбесін, сондай-ақ дизель отынын ресурс ұстаушылардан өз бетінше сатып алу туралы шешім қабылдаған ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің тізбесін орналастырады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші ЦЖ арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша операторға дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінім береді.";

25-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте ЖАО ЦЖ-да өтінімдерді қабылдау мерзімдерін көрсете отырып, дизель отыны қалдықтарын өткізуге өтінімдерді қабылдау туралы қосымша хабарландыру жариялайды.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Дизель отыны қалдықтарын өткізуге өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін ЖАО ЦЖ-да операторлардың тізбесін және олардың мұнай өнімдерін сақтау сыйымдылықтарының (мұнай базаларының) тізбесін, сондай-ақ дизель отыны қалдықтарының көлемдері туралы деректерді орналастырады.";

28-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Егін жинау жұмыстарын, азық дайындау және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін (сүдігерді жырту, егістіктерді өсімдіктерді қорғау құралдарымен өңдеу, күздік дақылдарды егу, қар тоқтату) жүргізу үшін өткізілмеген дизель отыны көлемдерін алу мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші ЦЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы дизель отыны көлемдерін алуға арналған өтінімді қалыптастырады.";

29-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Дәнді және майлы дақылдар тұқымдарын кептіру жұмыстарын жүргізу үшін өткізілмеген дизель отыны көлемдерін алу мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде (жалдау/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) тиесілі астықты сақтау және кептіру жүзеге асырылатын технологиялық немесе кептіру жабдығы болған жағдайда, ЦЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы дизель отыны көлемдерін алуға арналған өтінімді қалыптастырады.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Дәнді және майлы дақылдар тұқымдарын кептіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіге арналған дизель отыны көлемін есептеу ЦЖ-да бір тонна астықты кептіруге арналған дизель отыны шығысының нормативін ескере отырып автоматты түрде жүргізіледі. Дизель отыны шығысының нормативі (дәнді/майлы дақылдардың бір тонна астықты кептіру кезінде және ылғалдылығын бір пайызға төмендету кезінде) 1,40 килограмды құрайды.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші егін жинау жұмыстарын, азық дайындау, дәнді және майлы дақылдар тұқымдарын кептіру, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарының қосымша түрлерін жүргізу үшін өткізілмеген дизель отыны көлемдерін алу мақсатында ЦЖ арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша операторға дизель отынын тиеп-жөнелтуге арналған өтінім береді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. ЦЖ жұмысы істен шыққан жағдайда, ЖАО туындаған жағдай және оны жою шаралары туралы Ауыл шаруашылығы министрлігін дереу хабардар етеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі ЖАО-дан хабарлама алғаннан кейін ЦЖ жұмысындағы ақауды жоюға және ЖАО ЦЖ-ға қолжетімділікті қамтамасыз етуге кіріседі.

Бұл ретте, туындаған ақау жойылғаннан кейін Ауыл шаруашылығы министрлігі 1 ( бір) жұмыс күні ішінде техникалық ақау туралы хаттама жасайды және оған ЖАО қол қояды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Тракторларды және олардың
базасында
жасалған өздігінен жүретін
шассилер
мен механизмдерді,
монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді
қоса алғанда, олардың
тіркемелерін,
өздігінен жүретін
ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс
машиналары мен
механизмдерін,
жүріп өту мүмкіндігі жоғары
арнайы машиналарды
мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
2-қосымша

## "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру"<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері:<br>1. Машиналарды тіркеу.<br>2. Машиналарды қайта тіркеу.<br>3. Машиналарды тіркеу есебінен шығару.<br>4. Тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгіні алу.<br>5. Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету).<br>6. Тракторлар мен олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпарат беру. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| | | Жеке және заңды тұлғалардың ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)<br>өтініштерін қабылдау:<br>1) "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал);<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.<br>"Машиналарды тіркеу", " Машиналарды қайта тіркеу", " Машиналарды тіркеуден шығару", "Тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің кіші түрлері бойынша, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | мемлекеттік көрсетілетін қызметінің кіші түрі бойынша тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады . "Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдері, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы ( болмауы) туралы ақпарат бер" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің кіші түрі бойынша, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің кіші түрі бойынша цифрлық жүйеде ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) кезінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не портал арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) портал арқылы – 1 жұмыс күні;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы – 2 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара цифрландырылған)/ қағаз түрінде |
| | | Машиналар үшін тіркеу құжатын ( телнұсқасын) және (немесе) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (бұдан әрі – нөмірлік белгі) беру немесе машиналарды есептен алу туралы тіркеу құжатындағы белгі немесе машинаны уақытша тіркеу туралы анықтама немесе цифрлық |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | жүйедегі ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы хабарлама немесе тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы үзінді-көшірме не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік баждар мен алымдар мөлшері:<br>1) тракторларды, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу үшін техникалық паспорт бергені үшін – 0,5 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);<br>2) тракторларға, олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, олардың тіркемелеріне (арнайы жабдықпен монтаждалған тіркемелерді қоса алғанда), өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін бергені үшін – 1 АЕК-ні;<br>3) механикалық көлік құралын (бастапқы мемлекеттік тіркеу жүргізілетін көлік құралынан басқа) немесе тіркемені мемлекеттік тіркегені үшін – 0,25 АЕК-ні;<br>4) механикалық көлік құралын немесе тіркемені қайта тіркегені үшін – 0,25 АЕК-ні; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) механикалық көлік құралын немесе тіркемені мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін – 0,25 АЕК-ні құрайды.<br>Порталда мемлекеттік баждар мен алымдарды төлеу порталда " цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі ( бұдан әрі – ОҚШП) арқылы жүргізіледі. |
| 7 | Мемлекеттік қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен – сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;<br>2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодеске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:<br>машиналарды тіркеу кезінде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не |

| | | |
|---|---|---|
| | | цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;<br>4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 553 және 615-баптарында белгіленген баждар мен алымдардың бюджетке төленгенін растайтын құжат;<br>5) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 386-бабына сәйкес машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындауын растайтын құжат;<br>6) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:<br>азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындалуы тиіс іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;<br>кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері әкету туралы міндеттеме;<br>7) машиналарды бастапқы тіркеу жағдайында:<br>өндіруші зауыттың қозғалтқыштың номиналды қуатын растайтын құжатының көшірмесі немесе өздігінен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жүретін машинаның және басқа да техника түрлерінің паспортының көшірмесі / өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты; сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның көшірмесі ("Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінің (КО ТР 010/2011) талаптарына сәйкестікті бағалау туралы құжатты ұсына отырып кедендік декларация берілетін өнім тізбесін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 6 шешіміне (бұдан әрі – № 6 шешім) сәйкес);<br>8) заңды тұлғаның көлік құралын өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы осы ұйымның (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрімен куәландырылған бұйрығы (өкімі);<br>Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен немесе республикадан тыс жерлерден келетін машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру кезінде:<br>1) осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) техникалық паспорттың түпнұсқасы;<br>3) жалға беру, қосалқы жалдау, өтеусіз пайдалану, лизинг, қосалқы лизинг, сенімгерлік басқару, шаруашылық жүргізу, қарыз шарты немесе машиналарды иелену және (немесе) пайдалану құқығын растайтын өзге де құжат, ал уақытша әкелінген машиналар үшін – машина уақытша тіркеуге қойылатын учаскенің немесе аумақтың иеленушінің (иесінің) келісуі;<br>4) машиналарды республикадан тыс жерлерден әкелген кезде – |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі);<br>машиналарды қайта тіркеген кезде :<br>меншік құқығы өзгерген немесе ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ иелерінің құрамы өзгерген немесе машина иеленушінің ( иесінің) тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген, машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша немесе машина тіркелген тұлғаның, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;<br>4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат;<br>5) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:<br>азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауы тиіс |

| | | |
|---|---|---|
| | | іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;<br>нөмірлік агрегаттарды қайта жабдықтау немесе ауыстыру, арнайы жабдықты орнату және өзге де осындай өзгерістер салдарынан машинаның түрі өзгерген жағдайларда:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;<br>4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат;<br>5) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі "Механикалық көлік құралдарының жекелеген түрлеріне және олардың тіркемелеріне арналған жарықты шағылыстыратын жабыны бар мемлекеттік тіркеу белгілері. Техникалық шарттар" ҚР СТ 1176 Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік стандарт) талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;<br>машиналарды тіркеу есебінен шығару кезінде (машинаны кәдеге жаратудан, бас тартудан, есептен шығарудан, қызмет көрсету аумағынан тыс жерге ауыстырудан басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы әрекеттерді қоспағанда):<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;<br>4) машинаға меншік құқығын растайтын құжаттар, оларға мыналар жатады:<br>азаматтық заңнама талаптарына сәйкес жасалған шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот куәландырған сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауы тиіс іс-қимылдары туралы хабарламасының көшірмесі қоса берілген атқару парағы;<br>тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгі алған кезде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат;<br>4) Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжат;<br>кәдеге жаратуға жататын машиналарды есептен шығару ( |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | шығарып тастау, есептен шығару) кезінде:<br>жеке тұлғалар үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша өтініш;<br>2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі;<br>заңды тұлғалар үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша өтініш;<br>2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі;<br>3) есептен шығару актісі (тіркеу құжаттары немесе сынған машиналардың мемлекеттік нөмірлік белгісі болмаған жағдайда, өтініштерде олардың жоғалу жағдайлары, орны мен уақыты көрсетіледі);<br>ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру ( түзету) үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) техникалық паспорттың көшірмесі (тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру ( түзету) үшін – техникалық паспорттың түпнұсқасы);<br>3) өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты (өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты болмаған кезде – ауыл шаруашылығы техникасына дайындаушы зауыт құжатының көшірмесі немесе өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің паспортының көшірмесі);<br>машиналар кепілінің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы ( болмауы) туралы ақпаратты алу үшін: | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі: | 1) осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш.<br>2. Порталға жүгінген кезде:<br>машиналарды тіркеген кезде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық қолтаңбасымен ( бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) Кодекстің 386-бабына сәйкес машиналарды бастапқы тіркеу кезінде өндірушілердің ( импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерді орындауын растайтын электрондық құжат;<br>3) ОҚШП арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>4) машиналарға меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, оларға мыналар жатады:<br>азаматтық заңнама талаптарына сәйкес ресімделген шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот шешімінің, қаулының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауы тиіс іс-әрекеттері туралы хабарламасының сот куәландырған көшірмесі бар атқару парағы;<br>кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттар (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5) машиналарды бастапқы тіркеу жағдайында:<br>өндіруші зауыттың қозғалтқыштың номиналды қуатын растайтын құжатының электрондық көшірмесі немесе паспортының электрондық көшірмесі/ өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты;<br>сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның көшірмесі (№ 6 шешімге сәйкес);<br>6) заңды тұлғаның (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) мөрімен куәландырылған көлік құралын өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды не жеке тұлғаға бөлу және беру туралы заңды тұлға бұйрығының (өкімінің) электрондық көшірмесі;<br>Қазақстан Республикасының басқа облыстарынан немесе республикадан тыс жерлерден келген машиналарды уақытша тіркеуді жүзеге асыру кезінде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) техникалық паспорттың түпнұсқасы (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады);<br>3) жалға беру, қосалқы жалдау, өтеусіз пайдалану, лизинг, қосалқы лизинг, сенімді басқару, шаруашылық жүргізу, қарыз немесе машиналарды иелену және (немесе) пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттардың электрондық көшірмелері, ал уақытша әкелінген машиналар үшін – машина уақытша тіркеуге қойылатын учаскенің немесе аумақтың иесінің (иесінің) келісімі; | |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4) республикадан тыс жерден машиналарды әкелген кезде – кедендік ресімдеуден өткенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (ЕАЭО елдерінен әкелу жағдайларын қоспағанда, кедендік декларация, кедендік кіріс ордері, уақытша әкелу жағдайларында кері экспорттау міндеттемесі);<br>машиналарды қайта тіркеу кезінде :<br>меншік құқығы өзгерген, ортақ меншік пайда болған, тоқтатылған және машиналардың ортақ меншік иелерінің құрамы өзгерген, машина иеленушінің (меншік иесінің) тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) өзгерген жағдайларда , машина иеленушінің (иесінің) ерік білдіруі бойынша, машина тіркелген адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген жағдайларда:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) ОҚШП арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) машиналарға меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, оларға мыналар жатады:<br>азаматтық заңнама талаптарына сәйкес ресімделген шарттар, мәмілелер, куәліктер, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот шешімінің, қаулысының, сот орындаушысының мемлекеттік органның орындауы тиіс іс-әрекеттері туралы хабарламасының сот куәландырған көшірмесі бар атқару парағы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | қайта жабдықтау немесе ондағы нөмірленген агрегаттарды ауыстыру, арнайы жабдықты орнату және өзге де осыған ұқсас өзгерістерге байланысты машинаның типі өзгерген жағдайда:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша өтініш;<br>2) ОҚШП арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі ( Мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда), тіркеу құжаты, нөмірлік белгі (мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға өтініш берген кезде ұсынылады);<br>машиналарды есептен шығару кезінде (машиналарды кәдеге жаратудан, бас тартудан, есептен шығарудан, қызмет көрсету аумағынан тыс жерге ауыстырудан басқа, сондай-ақ машинаны иеліктен шығару жөніндегі мәміленің алдындағы әрекеттерді қоспағанда):<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) машиналардың меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар:<br>азаматтық заңнаманың талаптарына сәйкес жасалған келісімдер, мәмілелер, анықтамалар, мүлікті мұраға алу құқығы туралы құжаттар;<br>сот шешімінің, қаулының, сот орындаушысының орындауға жататын мемлекеттік органның |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әрекеттері туралы хабарламасының сот куәландырған көшірмесі қоса берілген атқару парағы;<br>тіркеу құжатының телнұсқасын және (немесе) жаңа нөмірлік белгіні алған кезде:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) ОҚШП арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, Салық кодексінің 553 және 615-баптарында белгіленген бюджетке баждар мен алымдардың төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>кәдеге жаратуға (жарамсыз деп тану, есептен шығару) жататын машиналарды тіркеу есебінен шығару кезінде:<br>жеке тұлғалар үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) тіркеу құжаты, нөмірлік белгі ( көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін жүгінген кезде көрсетіледі);<br>заңды тұлғалар үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) тіркеу құжаты, мемлекеттік нөмірлік белгі (көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу үшін жүгінген кезде көрсетіледі);<br>3) есептен шығару актінің электрондық көшірмесі (тіркеу | |

| | | |
|---|---|---|
| | | құжаттары немесе кәдеге жарату машиналарының мемлекеттік белгілері болмаған жағдайда, мәлімдемелерде олардың жоғалу жағдайлары, орны мен уақыты көрсетіледі);<br>ауыл шаруашылығы техникасы туралы ақпаратты өзектендіру (түзету) үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған цифрлық құжат нысанындағы өтініш;<br>2) техникалық паспорттың электрондық көшірмесі (тіркеу құжатындағы ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) үшін – техникалық паспорттың түпнұсқасы (мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу кезінде көрсетілетін қызметті берушіге беріледі));<br>3) өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты (өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты болмаған кезде – ауыл шаруашылығы техникасына дайындаушы зауыт құжатының электрондық көшірмесі немесе өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің паспортының электрондық көшірмесі);<br>машиналарда кепілдің (немесе өзге де ауыртпалықтардың) болуы (болмауы) туралы ақпаратты алу үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес 1, 2-нысандар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.<br>Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара |

| | | |
|---|---|---|
| | | кәсіпкерді тіркеу немесе дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, сондай-ақ машиналарды тіркегені үшін бюджетке алымдар мен алымдарды төлеу туралы мәліметтерді ОҚШП арқылы төлем жасалған жағдайда, тіркеу пунктінің қызметкері "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.<br>Өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорты туралы мәліметтерді тіркеу пунктінің қызметкері көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассилерінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінен алады.<br>Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыдан сұратуға жол берілмейді.<br>Меншік иесінің немесе иеленушінің атынан өкілдер тіркеу іс-әрекеттерін жүзеге асырған жағдайларда, көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа, меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттігін куәландыратын құжаттар ұсынылады.<br>Бұрын Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуде болған автокөлік мемлекеттік тіркелуі тиіс болған жағдайларда, көрсетілетін қызметті берушіге осы тармақта белгіленген құжаттардан басқа алдыңғы тіркеу құжаты ұсынылады, алайда осы құжаттың ұсынылмауы мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тартуға негіз болып табылмайды.<br>Машиналарды тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-шараларын жүргізу кезінде меншік иесі болып |

| | | |
|---|---|---|
| | | табылмайтын тұлғаларға меншік құқығын растайтын мына құжаттар ұсынылады:<br>шарт (жалға алу, қосалқы жалдау, лизинг, қосалқы лизинг, кепілдік) және машинаны қабылдау актісі;<br>меншік иесі қол қойған (жеке тұлғалар үшін), заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған ( заңды тұлғалар үшін) машина иесінің тиісті тіркеу әрекетін жасауға меншік иесінің жазбаша келісімі.<br>Тіркеу әрекеттері жүргізілетін машина ортақ меншікте болса, онда барлық меншік иелері тіркеу құжаттарында көрсетіледі және барлық құжаттар машинаның барлық иелерінің атынан беріледі.<br>Жеке тұлғалардың ортақ мүлкін иеліктен шығарудың негізі нотариалды куәландырылған мәміле болып табылады.<br>Меншік иелері 14 жасқа толмаған кәмелетке толмаған азаматтар болып табылатын жағдайларда, олардың атынан тіркеу әрекеттерін заңды өкілдер электронды немесе қағаз түрінде туу туралы куәлікті ұсына отырып жүзеге асырады.<br>Меншік иелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі тұлғалар болып табылатын жағдайларда, тіркеу әрекеттерін осы адамдар заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен электрондық немесе қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлікті ұсына отырып жүзеге асырады.<br>Машиналарды заңды және жеке тұлғалар аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған жағдайда: аукционның хаттамасы және уәкілетті тұлғалардың қолдары қойылған сатып алу-сату шарты ұсынылады. |
| | | 11) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда, портал арқылы цифрлық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы (1414), 8 800 |

| | | |
|---|---|---|
| | | 080 7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

";

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

**"Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), тіркеу есебінен алу және олар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне**

Қосымша
1-нысан
(жеке тұлғалар үшін)

(кімге)_______________________________________________________________ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы) (кімнен) азамат _________ ____________________________________________ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) туған жылы _______________________________________________________ мекенжайы _________________________________________________________ (тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіледі) паспорт (жеке куәлік) № _________________________________ ___________ жеке сәйкестендіру нөмірі _________________________________________ __

**Өтініш**

___________________________________________________________________
_________________________________________________________сұраймын.
Машинаның типі ______________________ маркасы ____________________
шығарылған жылы ________________________________
зауыттың нөмірі__________________ қозғалтқыштың маркасы ___________
нөмірлік белгісі ____________, техникалық паспорт нөмірі ______________
Өтінішке мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:
1.________________________________________________________________
2.________________________________________________________________
3.________________________________________________________________

20___ жылғы "__" ____________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

______________________________________________________________________

(қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Инженер-инспектордың қызметтік белгілері:

Берілді: нөмірлік белгі ________________________________________________

техникалық паспорт сериясы ________ № ___________________________

20___ жылғы "__" ____________

______________________________________________________________________

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

2-нысан

(заңды тұлғалар үшін)

Кімге ______________________________________________________________

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы)

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның мекенжайы)

бизнес-сәйкестендіру нөмірі ___________________________________________

**Өтініш**

_____________________________________________________________________

__________________________________________________________сұраймын.

Машинаның типі ___________________ маркасы _________________________

шығарылған жылы _____________________

зауыттың нөмірі________________ қозғалтқыштың маркасы ______________

нөмірлік белгісі _________, техникалық паспорт нөмірі _________________

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

1. __________________________________________________________________
2. __________________________________________________________________
3. __________________________________________________________________

20___ жылғы "__" ____________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_______________________________________________________________

(меншік иесінің (иеленушінің) қолы/ цифрлық қолтаңбасы)

Инженер-инспектордың қызметтік белгілері:

Берілді: нөмірлік белгі ______________________________________

техникалық паспорт сериясы ________ ______ _____________________

20___ жылғы "__" ___________

(инженер-инспектордың қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Қазақстан Республикасы<br>Ауыл шаруашылығы<br>министрінің<br>өзгерістер мен толықтырулар<br>енгізілетін кейбір<br>бұйрықтарының тізбесіне<br>3-қосымша

Тракторларды және олардың<br>базасында жасалған өздігінен<br>жүретін<br>шассилер мен механизмдерді,<br>монтаждалған арнаулы жабдығы<br>бар тіркемелерді қоса алғанда,<br>олардың тіркемелерін, өздігінен<br>жүретін ауылшаруашылық,<br>мелиорациялық және<br>жол-құрылыс машиналары мен<br>механизмдерін, жүріп өту<br>мүмкіндігі<br>жоғары арнайы машиналарды<br>мемлекеттік тіркеу<br>қағидаларына<br>3-қосымша

Нысан

## Машиналарды тіркеудің цифрлық тізілімі Цифровой реестр регистрации машин

| Рет саны №<br>№ п/п | Машиналардың типі мен маркасы<br>Тип и марка машин | Шыққан (жасалған) жылы<br>Год выпуска (изготовления) | Машиналар туралы мәліметтер<br>Данные о машинах |
|---|---|---|---|
| | | | Зауыттық нөмірі<br>Заводской номер |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Меншік иесінің атауы немесе аты, әкесінің аты (бар болса), тегі.<br>Мекенжайы, жұмыс орны – жеке адамдар үшін | | Техникалық паспорт берілді<br>Выдан технический паспорт | |
| | | | Сериясы, |

| | | |
|---|---|---|
| Наименование или фамилия, имя, отчество (при его наличии) собственника.<br>Адрес, место работы – для физических лиц | Күні<br>Дата | нөмірі<br>Серия,<br>номер |
| 5 | 6 | 7 |

| Нөмірлік белгі берілді<br>Выдан номерной знак | | Меншік иесінің, машина иесінің өзгерістері, тіркеуден шығару, нөмірлік белгілерді тапсыру, техникалық паспортты немесе нөмірлік белгіні ауыстыру туралы белгі<br>Отметка об изменениях собственника, владельца машины, снятии с регистрации , сдаче номерных знаков, замене технического паспорта или номерного знака | Ескертпе<br>Примечание |
|---|---|---|---|
| Күні<br>Дата | Сериясы, нөмірі<br>Серия, номер | | |
| 8 | 9 | 10 | 11 |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
4-қосымша

Тракторларды және олардың
базасында
жасалған өздігінен жүретін
шассилер
мен механизмдерді,
монтаждалған
арнаулы жабдығы бар
тіркемелерді
қоса алғанда, олардың
тіркемелерін,
өздігінен жүретін
ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс
машиналары мен
механизмдерін,
жүріп өту мүмкіндігі жоғары
арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**____________________________________________________________ (тіркеуші органның атауы)**

**Өтініш**

Кепіл беруші___________________________________________________ _________
_____________________________________________________________ (жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса),тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы); заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), атауы, орналасқан жерінің мекенжайы) Кепіл ұстаушы __________________
________________________________ _____________________________________________
______________________ (жеке тұлғаның ЖСН-сы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы; заңды тұлғаның БСН-сы, атауы, орналасқан жерінің мекенжайы) _____________________________________________________________
сұраймын (кепілді мемлекеттік тіркеуді (тіркеуден алуды), машиналар кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті немесе куәліктің телнұсқасын беруді жүзеге асыруды) ____________________________________________________________________
_ (шарттың нөмірі, кепіл туралы шарттың немесе кепіл туралы талаптарды қамтыған өзге де шарттың жасалған күні мен орны) _________________________________________
______________________________ (кепіл заты болып табылатын жылжымалы мүліктің тізбесі (машиналар тізімі) және сипаттауы (машинаның маркасы, тіркеу құжатының нөмірі және сериясы, МТНБ) немесе кепіл туралы шарт тараптарының келісімінде көзделген кепілді қамтамасыз етудің нақты сипаттауы талап етілмей кепіл затының жалпы сипаттауы) ______________________________________________________________
_________ (кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы) __________
_____________________________________________________________ (міндеттеме кепілімен қамтамасыз етілген қолданылу мерзімі) ___________________________________
___________________________________ (кепілге салынған мүліктің қай тарапта екенін көрсету, оны пайдалануға жол беру және қайта кепілге салу туралы мәліметтер). _____
_______________________________________________________________ (көрсетілетін қызметті алушының электрондық почтасының мекенжайы (бар болса)) Осы өтінішке қоса берілетін құжаттардың атауы: ______________________________________________
_______________________ _______________________________________________________
______________ ________________________________________________________________
______ Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы ________________________________________________ Өтініш беру күні: 20__жылғы ________________ Өтінішті қабылдау күні: 20__жылғы________
________ Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын. Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы ___
_________________________________________________ (аты, әкесінің аты (бар болса),

тегі) Уақыты: ___ сағат_____ минут Тіркеушінің қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы __________________ ______________________________________________ ________________________ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өтінішке "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті тіркеуші органға және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына берген кезде жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Қазақстан Республикасы<br>Ауыл шаруашылығы<br>министрінің өзгерістер<br>мен толықтырулар енгізілетін<br>кейбір бұйрықтарының тізбесіне<br>5-қосымша<br>Тракторларды және олардың<br>базасында жасалған өздігінен<br>жүретін шассилер мен<br>механизмдерді,<br>монтаждалған арнаулы жабдығы<br>бар тіркемелерді қоса алғанда,<br>олардың тіркемелерін, өздігінен<br>жүретін ауылшаруашылық,<br>мелиорациялық және жол-<br>құрылыс<br>машиналары мен<br>механизмдерін,<br>жүріп өту мүмкіндігі жоғары<br>арнайы<br>машиналарды кепілге қоюды<br>мемлекеттік тіркеу<br>қағидаларына<br>2-қосымша<br>Нысан

**______________________________________________________________ (тіркеуші органның атауы)**

**Өтініш**

Кепіл беруші____________________________________________________ _________ ______________________________________________________________ (жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса),тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы); заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), атауы, орналасқан жерінің мекенжайы) Кепіл ұстаушы __________________ ______________________________ ____________________________________________

_____________________ (жеке тұлғаның ЖСН, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, тұрғылықты жерінің мекенжайы; заңды тұлғаның БСН, атауы, орналасқан жерінің мекенжайы) _______________________________________________________________ сұраймын _________________________________________________________________ _ (өзгерістер мен толықтыруларды (оның ішінде меншік құқығының басқаға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру, одан кейінгі кепіл (кепілге қайта салу)) тіркеу және тіркелген кепілдің қолданысын тоқтату) ________________________________________ ______________________________ (бастапқы тіркелген кепілге нұсқау, кепіл туралы шартқа өзгерістер мен толықтыруларды сипаттау (меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы, талап ету құқығын басқаға беру және кейіннен кепілге салу (кепілге қайта салу ), тіркелген кепілдің қолданылуын тоқтату негіздері) _____________________________ ______________________________________________________ (кепіл талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шарттың не кепіл бойынша құқықтарды ( талаптарды) басқаға беру туралы шарттың (оның ішінде активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың) қол қойылған күні және нөмірі) _________________ ________________________________________________________________ (активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт негізінде өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу жағдайларын қоспағанда, тіркеуші орган берген жылжымалы мүлік кепілінің тіркеу нөмірі) ________________________________________________ ________________________________ (енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың мәліметтері мен сипаттауы (машина маркасын, тіркеу құжатының нөмірі мен сериясын және МТНБ көрсете отырып)) ________________________________________________ ________________________________ (алдыңғы кепіл ұстаушылардың келісімі туралы мәліметтер (кейіннен машиналарды кепілге (қайта кепілге) салған жағдайда)) Кепіл берушінің немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы ____________ ___________________________________________________________ Кепіл ұстаушының немесе оның өкілінің қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы _____________________ _________________________________________________ * Кепіл шарттары бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде – жаңа кепіл ұстаушының қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы ғана, сондай-ақ құқықты (талапты) басқаға берген кепіл ұстаушы қол қойған келісім. Өтініш беру күні: 20__ жылғы___________________
Өтінішті қабылдау күні: 20__ жылғы___________________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы ______________

Уақыты: ___ сағат_____ минут

Тіркеушінің қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы _________________________

_________________________________________________________________________

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Өтінішке "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеуді қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Тіркеуші органға (көрсетілетін қызметті берушіге) және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжатты, ал тұлғаның өкілі – оның өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша

Тракторларды және олардың
базасында жасалған өздігінен
жүретін шассилер мен
механизмдерді,
монтаждалған арнаулы жабдығы
бар тіркемелерді қоса алғанда,
олардың тіркемелерін, өздігінен
жүретін ауылшаруашылық,
мелиорациялық және жол-
құрылыс
машиналары мен
механизмдерін,
жүріп өту мүмкіндігі жоғары
арнайы
машиналарды кепілге қоюды
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
3-қосымша

